

Абай аудандық мәслихатының 2013 жылғы 23 желтоқсандағы 26 сессиясының № 26/255 "Абай ауданындағы салық салу объектісінің бірлігіне тіркелген салық ставкаларының мөлшерлерін белгілеу туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Абай аудандық мәслихатының 2015 жылғы 17 наурыздағы 39 сессиясының № 39/435 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 17 сәуірде № 3153 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Абай аудандық мәслихатының 2018 жылғы 21 маусымдағы № 32/352 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Абай аудандық мәслихатының 21.06.2018 № 32/352 (оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Абай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Абай аудандық мәслихатының 2013 жылғы 23 желтоқсандағы 26 сессиясының № 26/255 "Абай ауданындағы салық салу объектісінің бірлігіне тіркелген салық ставкаларының мөлшерлерін белгілеу туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2516 болып тіркелген, 2014 жылғы 25 қаңтардағы № 4 (4007) "Абай – Ақиқат" аудандық газетінде жарияланған), келесі өзгерістер енгізілсін:

шешімге мемлекеттік және орыс тілдеріндегі қосымшада кестедегі 5, 6 нөмірлерінен кейін "." тыныс белгісі қойылсын.

2. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Қ. Жұмабаев

Абай

аудандық

мәслихатының

Б. Цай

хатшысы

КЕЛІСІЛДІ:

Абай

ауданы

бойынша

мемлекеттік

кірістер

басқармасының

басшысы

Ефанов А. И.

2015 жылғы 17 наурыз

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК